

Сабақтың тақырыбы: «Тұрмыстық заттардан құралған натюрморт»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға бейнелеу өнерінің натюрморт жанры туралы түсінік бере отырып, білімін тереңдету, заттардың өзіне қарап бейнелеу арқылы сауатты сурет салуға үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру. Натюрморт туралы білімдерін тереңдету.

Тәрбиелік: Эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелесу, көрсету, үйрету.

Сабақтың типі: қайталау.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың көрнекілігі: слайд, суретшілер шығармалары.

Сабаққа қажетті құрал- жабдықтар: интерактивті тақта, суретшілер шығармаларының иллюстрациясы, бейнелеу өнері сабағына қажетті құралдар.

Пән аралық байланыс: геометрия, музыка, еңбек.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, бүгін біз сендермен ерекше сабақ өткізгелі отырмыз? Сендер бейнелеу өнері пәнін, сондай-ақ сурет салғанды ұнатасыңдар ма?
Бейнелеу өнері дегеніміз не?
Бейнелеу өнері дегеніміз – айналамыздағы өмір көріністерін жазықтықта, әрі кеңістікте бейнелеу арқылы суреттейтін өнер түрі. Бейнелеу өнері сан ғасырлық даму тарихына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Бейнелеу өнерінің қанша түрі бар? Қайталап еске түсірейікші.

1. Кескіндеме.
2. Графика.
3. Мүсін.
4. Сәулет өнері.
5. Сәндік қолданбалы өнер.
6. Дизайн өнері.

Сыныпты парта қатары бойынша үш топқа бөлеміз: «Сары», «Қызыл», «Көк».

Осы үш топқа сұрақ қоямыз.

- Акварель бояуын немен езеді? (*сумен*)
- Түрлі-түсті бояулармен салынған көркем шығарма қалай аталады? (*живопись*)
- Пейзаж қандай шығарма? (*табиғат көрінісі бейнеленген сурет*)
- Табиғат әлемінде кездесетін түс дақтары екі топқа бөлінеді, ол қандай (*жылы және суық*)
- Қарындаштың әр түрін штрихта пайдаланып көркем шығармада орындау қай өнер? (*графика*)
- Живописьтің басты құралы не? (*түс*)
- Хроматикалық түстерді атап беріңдер (*түстік*), (*қызыл, сары, көк, жасыл т.б*)
- Ахроматикалық түстерді білесіңдер ме? (*түссіз*), (*ақтан, қара, сұр*)

Жаңа сабақ.

- Ал, енді, балалар алдарыңда тұрған заттар жиынтығы бейнелеу өнерінің қай жанрына жатады? Кескіндеме өнерінің натюрморт жанры. Кескіндеме өнерінің портрет, пейзаж, натюрморт т. б. жанрлары бар. Бүгінгі сабағымызда біз натюрморт жанрына тоқталамыз.

Натюрморт (франц. Nature morte – өлі табиғат) – бейнелеу өнері жанрының бірі; қоршаған ортадағы бір құрылымға топтастырылған түрлі тұрмыстық заттар мен жеміс-жидектерді, өсімдіктер, тағамдарды бейнелеу. Бейнелеу өнерінің басқа түрлеріне қарағанда натюрморт суретшіден өзі кескіндейтін нәрсені табиғи қалпында, дәл де нәзік жеткізуді талап етеді. Натюрморттың алғашқы белгілері Ежелгі Шығыс, Рим, Грекия өнерінде көрініс тапқан. Натюрморт жанр ретінде 16 ғасырдың аяғы мен 17 ғасырдың басында Голландияда пайда болды. Натюрморттың жан-жақты дамуына ұлттық кескіндеме мектептері ұйытқы болды (17 ғ.). 19 ғасырда өмір сүрген атақты суретшілер Ф.Гойя, Э.Делакруа, Г.Курбе, Э.Мане, т.б.

натюрморттың өркендеуіне ат салысты. Қазақ суретшілері: Ә.Жүсіпов («Шыны аяқ», 1960), А.Ғалымбаева («Дәмді шай», 1966), С.Айтбаев («Кітаптар», 1966), Т.Тоғызбаев («Қарбыз бейнеленген натюрморт», 1974), К.Дүйсенбаев («Табиғат көрінісі», 1978), Е.Кәрібеков («Натюрморт», 1986), Б.Ақанаева «Күміс натюрморт» (2003), А.Жансейітова «Натюрморт» 23 (2003), т.б. натюрморт жанрының шеберлері атанды.

Сөзжұмбақ шешу.

Сөзжұмбақ сұрақтары:

- Көк пен сары түстердің қосындысынан қандай түс шығады? *(жасыл)*
- Мата бетіне сурет салу қалай аталады? *(батик)*
- Жансыз заттар мен бұйымдар бейнелеген көркем шығарма. *(натюрморт)*
- Ермексаз, сазбалшық немесе ағаштан жасалған көркем шығарма? *(мүсін)*
- Адамның бет-әлпеті бейнелеген көркем шығарма. *(портрет)*
- Анималистік жанр дегеніміз не? *(жануарларды бейнелеу)*

Қорытындылау.

Біз бүгінгі сабақта бейнелеу өнерінің түрлері және жанрларымен таныстық. Бейнелеу өнері бізді сұлулық әлеміне жетелейді.

Бағалау.

Әр топты жауаптарына байланысты бағалау.

Үйге тапсырма.

Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары жайлы оқып келу.